

«Бекітілді»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

« 2023 ж.



Орта білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау кезінде білім алушыларды кешенді тестілеуге арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша тест спецификациясы

Тест мақсаты: «Қазақ тілі» пәні бойынша 9-сынып оқушыларының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау.

Тест міндеті: орта білім беру ұйымдарын бағалау кезінде оқушылардың білімдерін, іскерліктері мен дағды деңгейлерін анықтау.

Тест мазмұны

Тест мазмұны «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Орфография Лексика	01	Бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу; Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу Шылау, еліктеу сөз, одағай сөз, оқшау сөз
02	Морфология	02	Сөздік қор
		03	Сөздік құрам. Шылау, еліктеу сөз, одағай сөз, оқшау сөз
03	Синтаксис	04	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері
		05	Сөз тіркесінің байланысу түрлері
		06	Сөз тіркесінің түрлері
		07	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері; Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері
		08	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері; Сөйлемнің айқындауыш мүшелер
		09	Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері
		10	Жай сөйлемнің түрлері: жақты, жақсыз, толымды, толымсыз, жалаң, жайылма, атаулы
		11	Жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшелігі
		12	Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары; Құрмалас сөйлемнің түрлері; Ыңғайлас салалас, себеп-салдар салалас, қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер
		13	Түсіндірмелі салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас құрмалас сөйлемдер
		14	Шартты бағыныңқы сабақтас, қарсылықты бағыныңқы сабақтас, мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер
		15	Себеп бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер
04	Пунктуация	16	Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілері

05	Мәтінмен жұмыс	17	Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы; Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы; Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары; Ғарышты игеру жетістіктері; Биоалуантүрлілік; Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер; Қоршаған орта және энергия ресурстары; Жасөспірім және заң; Театр өнері мен мәдениеті; Қазақстандағы туризм және экотуризм; Мәңгілік Ел – мұратым; Жаһандану мәселелері; Адам құқығы мен бостандығы; Отбасы және демографиялық өзгеріс; Бұқаралық ақпарат құралдары
----	----------------	----	---

Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Орфографиялық норма: бас әріпшен жазылатын күрделі-құрама атаулар.

Лексикалық норма: сөздік қор мен сөздік құрам, лексикалық стилистика заңдылықтары.

Грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі; құрмалас сөйлем жасалу жолдары, түрлері, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары.

Пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері, құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын).

Тест тапсырмаларының формалары

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты

Тест тапсырмаларының саны

Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны – 20: бір дұрыс жауапты 15 тест тапсырмасы, мәтін негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы.

Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тапсырмалардан тұрады: базалық деңгейде – 50%, орташа деңгейде – 30%, жоғары деңгейде – 20%.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты

Тест тапсырмасының орындалу уақыты – 1,5 - 2 минут.

Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 15 балл.

Мәтін негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл. Максималды балл – 20.